

желтоқсан Қазақстан тарихындағы ең үлкен оқиғалардың бірі. Себебі ғасырлар бойы армандап жүрген тәуелсіздікке осы күні қолымыз жетті. Тәуелсіздікті алған соң Қазақстанның басты міндеті, қанмен, термен келген тәуелсіздікті сақтап қалу.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Қазақстандағы 1916 жылдың ұлт-азаттық қозғалыс <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8754/>
- 2 QASYM.KZ Электронды журналы [Электрондық ресурс].— <https://qasym.buketov.edu.kz/zheltoksan-koterilisi-tauelsizdikke-umtylgan-kazak-zhastarynyn-kuresi/>
- 3 TRT.net Электронды газеті [Электрондық ресурс].— <https://www.trt.net.tr/kazakh/bag-darlamalar/2017/10/01/k-azak-stannyn-1991-zhyly-t-uielsizdighin-zhariialauy-817165>
- 4 Сәукетаев Т. Ай қараңғысы (Тұрысбек Сәукетаевтың 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы жайлы романы) // [https://vk.com/wall-88875282\\_6438](https://vk.com/wall-88875282_6438)
- 5 Садыков М.К. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы, 2005. – 428 б.
- 6 Жетісу энциклопедия. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 жыл.
- 7 Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы Алматы, 2006 ж. – 624 б.

### ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІ

Манатбек С.С.

Ғылыми жетекшісі: құқық және экономика магистрі Абилова А.Ж.  
М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті  
[adika\\_jan@mail.ru](mailto:adika_jan@mail.ru)

Тәу етер қастерлі Тәуелсіздігімізге биыл 30 жыл! Тәңірдің өзі тарту еткен еркіндік әрқайсымызға қымбат болары сөзсіз. Осы бір еркіндік, тәуелсіздік сөзін айта алғанымыздың өзі ғанибет секілді. Жас та болса тарихы тереңге бойлап жатқан мемлекетіміз бүгінде өз алдына дара болып отыр. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алғаннан кейін, еліміздің өз президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен мемлекеттік рәміздері экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық. Тәуелсіздік үшін, келер ұрпақ үшін қасықтап төгілген еңбек пен қанша ма жазықсыз жанның өмірден өтуі тарихтың қалың беттерінде өрнектей ойылып жазылып тұрғаны бәрімізге аян. Дегенмен де рухты да батыр ұл-қыздарымыздың еңбегі еш кеткен жоқ, олар қазақ елінің жаңа дәуірінде алғашқы кірпіші болып қаланды, негізіміз осындай кемел де батыр дана адамдардың еңбегімен қаланды, бұл үлкен-ерлік әрі мақтаныш!

Ел тәуелсіздігін алған кезде халық болып қана қуанған жоқпыз. Қазақ елінің өз алдына республика болуын қалаған әрі ең бірінші болып мойындаған Түркия. Бұл тәуелсіздікті бір ел ғана емес, бүкіл ел болып қолдайды деген сөз. Ал іргесі қаланған жаңа республиканың әрі қарай өмір сүруі үшін ерен еңбек керек. Ол оның ішкі және сыртқы әлемі, экономикасы, ақшасы деген секілді көптеген құндылықтарға келіп тіреледі. Аталған құндылықтарды отыз жыл ішінде үлкен мақсатқа айналдырған еліміз астанасын да бекітті. Тіпті бүгінде Астана арман қалаға айналды. Апортына бүкіл ел сүйсінген Алматының өзін мәдениет пен әдебиеттің қаласына айналдырды. Өзінің ішкі туризмі, теңгесі, ұзын сонар қара жолдары тарамдалып жатты. Осылайша қазақ жері қазақ елі 30жыл бойы тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп келе жатыр. Арысы қазақ хандығынан бастап берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы осы аманатты сақтау. Жәнібек пен Керейдің керегені кілем үсті көтеріп, Отанды

кастерлеп өту әрбір ұрпақтың міндеті. Қазақта «Отансыз адам ормансыз бұлбұл» деген сөз бар. Орманы жоқ құстың ұясы да, қонар бұтағы да жоқ. Дәл сол секілді тірлік кешу ортасы жоқ ұлттың өмір сүруі мүмкін емес. Алайда, осы бір керемет ше ауыз толтырып айтатын жетістікке қазақ еді оңай жете қойған жоқ! 1992-1993 жылдар еліміз үшін өте ауыр кезеңдердің бірі болды, Қазақстан жеке мемлекет болып қалыптасу үшін біраз тәуекелге барғаны да ерлік. Тоқырау болған жылдары ел еңсесі түскенімен, қоғам бір сарынды арнаға бұра алмай қиналғанымен біз бұл күндерді ел болып еңсере өттік. Ең алғашқылардың бірі болып ядролық қарудан бас тарттық, Семей полигоны қазақ үшін біржола жабылған парақтар болды. Осының барлығы кемеңгер елбасының бастауымен басталды Қазақстанның биік табысына қол жеткізген президенттік билік және осы жылдары оның басында үздіксіз болған тұңғыш елбасы Н.Ә.Назарбаев жеке факторы екеніне де ешкім күмәндана алмайды [1,94 б.].

Осы уақытқа дейін қол жеткізілген барлық табыстар бір төбе болғанда, кешегі өркениеттің көшбасшысы атанып жүрген еуропалық елдердің аймақтық қауіпсіздікті сақтау үшін құрған ЕҚЫҰ-ға мүше болып табылатын барлық 56 мемлекеттің басшылары саммитінің Астанада өткізілгендігі жеке-дара бір төбе табыс болды. Оның қаншалықты маңызды екендігінің тереңіне кәрі тарих ғана бойлап, бағасын беретін болады. Бүгінгі күні біз оның маңызы мен терең сипатына қанша ұмтылсақ та бәрібір бойлай алмаймыз. Негізінен халық болып қалыптаспай, тәуелсіздікті баянды түрде қолда ұстап тұру да мүмкін емес, ал біз сол айрықша жетістікке ертерек жеттік, ол қоғамда зиялы қауыммен ең жақсылар барын білдіреді. Ендігі кезекте «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырады анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет. Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш кезең мен белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр.

Мен азаттықтың алғашқы қайнар көзін жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі деп атар едім. Осы уақытта Елбасының басшылығымен мемлекетіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата заңымыз қабылданды. Шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды.

Екінші ширек кезеңде – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі. Осы жылдарда мемлекетіміздің тұғыры нығайып, экономикалық әлеуетіміз арта түсті. Құрлықтағы барлық шекарамызды айқындап, заң жүзінде бекіттік. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымызды түгендедік. Солтүстік Аралды құтқарып, қашқан теңізді қайтардық. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің саммиттерін өткізуге және басқа да бірқатар маңызды халықаралық жобаларға бастамашы болдық. Елімізге шетелден қомақты инвестиция тарттық. Есілдің жағасында бой көтерген еңселі елордамыз ұлттық идеямызға айналды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Тұрғын-үй құрылысы да бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамыды. Алдағы уақытта жастарды тұрғын үймен қамту жобасы жасалып жатыр бұл да бір шың бір белес деа білемін.

Үшінші толқында шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық. Шекара мәселесін біржола шештік. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылуды межеледік. Негізінен 30жылда біршама орданы бұзғанымыз анық. Атап өткен барлық жоба, жаңа бастама Қазақстан үшін 30 жылда игеріліп отыр. Осындай жас мемлекетіміз үшін бұл үлкен жеңіс әрі жеміс [2, 3 б.].

Әр бағыт бойынша «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму», «Нұрлы жол», «100 нақты қадам» сияқты ауқымды бағдарламалар жүзеге асырылды. Саяси және экономикалық реформалармен қатар рухани жаңғыруға баса мән бердік. Тарихтың тағылымын бүгінгі жастарға басқаша бағытта көрсетіп елдік пен ерліктің көрінісі болған тарихты бүкіл әлемге паш етудеміз. Ежелгі түркі этнонимінен бастау алған мәдениет пен салт-дәстүр, ұлттық менталитет қалыптастыруда бұл жоба үлкен жетістік.

Осынау толағай табыстардың бәріне қазақтың тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың дара көшбасшылығының һәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Қазақ елінің төрінде «ЕХРО-2017» көрмесі өтті әр ел түкпір-түкпірден келіп, қазақтың қонақжайлылығымен кең арқа төсіне тәнті болды. Осы қарқында жетекшілік жасап ілгері жылжу тоқтамасабыз әлем санасында өз еліміздің туы мен әнұраны желбіреп етін боламыз сондықтан, тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев Тәуелсіздігіміздің мәңгі символына айналды десек, ақиқатты айтқан болар едік.

Алдағы төртінші шарықтау кезеңіміз бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев кемел жолын бүгінде Қ.К.Тоқаев жаңғыртуда. Билік басына келгелі «Волонтёр жылы», «Жастар жылы» атты жобалар мен мақсат-міндеттер қойды. Жаңа талап, жаңашылдықпен ары қарай елдің дамуына үлес қосуда. Еңбегі елеулі, халқына қалаулы көшбасшы екені сөзсіз. Осы орай да біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез-келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз.

Қазіргі пандемия және соның салдарынан туындаған дағдарыс бүкіл әлемнің бұрын болмаған жаңа сынақтармен бетпе-бет келіп отырғанын анық көрсетті. Экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық және басқа да қатерлерге қоса, жер жүзіне жағымсыз идеологиялық вирустар да жайылып келеді. Жаһандану кезінде ел жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды. Басқаша айтқанда, мәжбүрліктен емес, санасының улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан, жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі. Пандемия демекші, еліміз әлем бойынша ең үздік вакцинаны жасап шығарды. Атауы, «QAZ-VAC» атауымен нарықта шыққан вакцина қазір әлемнің әр бұрышына экспортталып жатыр. Бұл үлкен нәтиже осы жылға жақсы бір қорытынды. Шетелде көптеген озық ойлы жастарымыз жүр. Ел ішінде де жетіп артылады. Келешекте мемлекеттің тұтқасын ұстайтын солар. Бірақ елден жырақта жүргендерінің жайы алаңдатады. Олардың Отанға оралуы үшін алдағы 10 жылда жастарға арналған жобалар көбірек жүзеге асыра алады,- деп өз сөзін қорытындылаған еді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Ия, бұл айтылған ойдың маңызы зор, себебі елге деген патриоттық сезім әрдайым биік болғаны абзал, себебі өзіміз бар жоғы 12 ақ миллион халықпыз, қазақ өзі аз-ақ қана сол үшін бір шатыр астына бір жұдырыққа жұмылған ең абзал іс деп білемін [3,1 б.]!

«Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз және ол бәрінен қымбат! Біздің міндетіміз – кейінгі ұрпаққа кемел және қуатты Қазақстанды аманат етіп тапсыру. Айта кететін жайт, әр тұста таяқтың екі ұшы болады дегендей ,бірдей толқында барлығы жақсы емес екені де рас. Кейбір аумақтар да су, жылу көзі, жарықпен қамтамасыз ету , интернет сапасын жақсарту қолға алынып келеді және түбі біз бұл мақсатқа айқын әрі нық сенімде жетеміз деп білемін. Ол үшін қоғам болып қызмет жасау керек екені анық. Оның үстіне барлығын жан-жақты қарап, нақтылап саралап әр іске өз орнымен жетіп келеміз. Туризм саласы да өз алдына дара болып дамып өркендеп келе жатыр. Қазіргі таңда ішкі өнім мен 500ден астам туристік орын

және 80 туризм саласымен келісімге келіп жұмыс жасаудамыз. Туризмнің дамыған аймақтары Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстары, сондай-ақ Алматы және Астана қалалары. Сонымен қатар авиация саласы да өте қарқынды өз алдына жетекші топ болып келе жатыр. Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз, сол себепті жастарда өз алдына даралана еңбек етіп жаңалық ашуға ұмтылу қажет. Президентіміз Қасым Жомарт Кемелұлы барлық жағдайға көмек қолын созары сөзсіз, сол үшін елге пайдасы бар өнім шығаруда жан салуымыз керек. Әлихан Бөкейханов айтпақшы, «Тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын демекші», ұлт үшін Отан үшін күресіп ат салысатын ұрпақ барына кәміл сенімдіміз.

Ұлыларды ұлықтап, тұлғаларды таныту – біздің бұлжымас салтымыз. Бұл мерейтойлардың мән-маңызы Тәуелсіздік құндылықтарымен астасып жатыр. Ұлт үшін ұлы есімдерді ардақтау - перзенттік парыз. Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы жылды Абай мен Әл-Фараби жылы деп жарияладық, енді биыл Жыр алыбы Жамбылдың, Алаш арысы Әлиханнның және жауырыны жерге тимеген балуан Қажымұқанның мерейтойларын атап өту жөнінде тапсырма берді. Одан бөлек, ұлт тарихын академиялық тұрғыда қайта жазу мәселесі көтерілді. Міне, осылайша тарихқа тағзым етіп, ел үшін қызмет еткен тарихта таңбасы бар тұлғаларды жастар мен келер ұрпаққа осылайша паш етіп көрсетудеміз [4, 83 б.].

Қорыта келгенде, Егемендік дәуірінің тағы бір парағы ел шежіресіне еніп, тарих таспасына жазылды. Биыл Абай Құнанбайұлы және Әбу Насыр әл-Фарабидің мерейтойлары өтті. Біз халқымыз үшін маңызды бұл шараларды мазмұнды әрі мағыналы етіп ұйымдастыруға күш салдық. Тарихи тұлғалардан өнеге алуға, тағылымды ой толғауға мән бердік. Әл-Фараби заманынан бері тұтас дәуір, Абай қоғамынан бері ғасырдан астам уақыт өтті. Бірақ, ұлыларымыздың асыл мұрасы күні бүгінге дейін өзекті. Дала данышпандары – әрдайым болашаққа бағыт сілтейтін айнымас темірқазығымыз. Ұлттың жаңа болмысы тұғырлы тұлғалардың өсиетінен, өнегесінен бастау алады. Тағылымды тарих пен кемел келешекті ұштастыру – Рухани жаңғырудың басты шарты. Сондай-ақ, киелі Түркістанды түлету жолында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Ұлытауда Жошы хан тарихи-мәдени кешенінің құрылысы басталды. Еуразия жүрегінен ерекше орын алған тарихтың қайнар бастауы болған менің Отаным, менің отбасым! Мен сенімен мақтанамын Қазақстан, жас та болашақтан үміті зор келешегі жарқын мемлекет екеніңе еш күмәнім жоқ. Біздің алар белесіміз мен асуымыз әлі алда.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1 Т.М Әминов «Қазіргі Қазақстан тарихы»-Алматы: Мұрагер, 2001.-157 б.
- 2 24.kz, <http://www.24.kz/>
- 3 Egemen Kazakhstan <http://www.egemen.kz/>
- 4 Х.Арғынбаев Қазақ отбасы (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу). – Алматы: Қайнар, 1996. -203 б.